

Қ. Н. Абуғалиев, ҒЗИ Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы «Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» № 313 бұйрығы мен оның қосымшасындағы аударма сәйкестігі жайында

Аннотация. Мақалада «Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» № 313 бұйрығы мен оның қосымшасындағы аударма сәйкестігі тілдік тұрғыда талданған. Талдау барысында автор аудармаға қатысты өзінің бірқатар ұсынымдарын ұсынады.

Түйін сөздер: бұйрық, бұйрыққа қосымша, қосымша нұсқаулық, азаматтық және қызметтік қару айналымы, қару айналымын бақылау, әдістемелік нұсқау, алдын алу, сақтандыру.

Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі басқармалар мен бөліністердің өздерінің тікелей қызметі аясында басшылыққа алатын негізгі құжат — осы бұйрық негізінде шығарылған нұсқаулық болып табылады. Қосымша нұсқаулық төмендегідей бөлімдерден тұрады [1]:

1. Жалпы ережелер.

2. АҚҚАБ (азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау) бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру:

1-параграф. ІІМ ӘПК АҚҚАБ басқармасының жұмысын ұйымдастыру.

2-параграф. ПД, КПД АҚҚАБ бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру.

3-параграф. ҚАІБ және ЖІБ(б) АҚҚАБ бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру.

3. Берілген ресурстардың жарамдық мерзімдерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қару мен патрондарды беруін және сатуын бақылау.

4. АҚҚАБ бөліністерінің есепке алуларды жүзеге асыруын ұйымдастыру.

1-параграф. Лицензиялар мен рұқсаттарды беруді есепке алу.

2-параграф. АҚҚАБ бақылайтын объектілерді есепке алу.

3-параграф. Азаматтық қару иелерін есепке алу.

АҚҚАБ бөліністерінің ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдардың айналымын бақылауды жүзеге асырау бойынша қызметін ұйымдастыру.

Нұсқаулық соңында аталған қызмет түрлеріне қатысты толтырылатын құжаттар үлгілері берілген.

Енді осы бұйрық пен оның қосымшасындағы нұсқаулықтың орысша-қазақша нұсқаларын салыстыра отырып, аударма сәйкестігіне талдау жасау барысында (қаулы-қарарлардың орыс тілінде қабылданып, кейіннен қазақ тіліне аударылатыны баршамызға белгілі) төмендегідей тілдік-стилистикалық қателердің орын алғанын аңғардық:

1. Утвердить прилагаемую Инструкцию по организации деятельности подразделений органов внутренних дел по контролю в сфере оборота гражданского и служебного оружия согласно приложению 1 к настоящему приказу деген бұйрықтың бірінші тармағындағы сөйлем қазақ тіліне «Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа сәйкес Ішкі істер органдарының азаматтық 1-қосымшаға және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық бекітілсін» деп аударылған. Байқап отырғанымыздай, аударманың ақаулығынан сөйлемдегі сөздер байланыспай, мағынаны солғындатып, түсінікке ауыр тиіп отыр. Қазақ тілді қаулы-қарарлардың басым көпшілігінің оқуға түсініксіз, жаңылтпаш стилінде келетіні осындай аудармалардың кесірінен екенін осыдан-ақ байқауға болады. Мұндағы аударманың мейлінше дұрыс (түсінікке жеңіл) нұсқасы былай болмақ — осы бұйрықтағы 1-қосымшаға сәйкес азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін ұйымдастыру бойынша қоса берілген нұсқаулық бекітілсін.

2. Қосымшадағы нұсқаулықтың 2-бөлігінің 6-тармағындағы «разрабатывают, совместно с другими подразделениями и службами ОВД проекты приказов и методические рекомендации, а также практические и организационные мероприятия, направленные на осуществление контроля за оборотом, зарегистрированного в ОВД гражданского, служебного и наградного оружия, а также гражданских пиротехнических веществ и изделий с их применением и профилактику преступлений с применением зарегистрированного в ОВД оружия, а также его краж и утраты» деген сөйлем қазақша нұсқасында былай аударылған — «ПО-ның басқа да бөліністерімен және қызметтерімен бірлесіп бұйрық жобалары мен әдістемелік нұсқамаларды, сондай-ақ ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асыруға және ПО-да тіркелген қару қолданылып жасалған қылмыстар, сондай-ақ олардың ұрлану және жоғалу профилактикасына бағытталған практикалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды әзірлейді».

Мұндағы, байқап отырғанымыздай, орыс тілді нұсқасындағы методические рекомендации термин тіркесі қазақ тіліне әдістемелік нұсқамаларды деп аударылған. Ал бұл тіркестің қолданыстағы бекітілген аудармасы әдістемелік ұсыным екені және оның жиі қолданылып жүргеніне де мән берілмеген. Яғни бұл жерде аудармашы құжатты аудару барысында бекітілген термин сөздер аудармасына жүгінуді артық санағанын не болмаса авторлық (өзіндік) қолданысты жөн көргенін аңғаруға болады. Келесі қарамен белгіленген профилактика сөзіне келетін болсақ, қазақ тілді нұсқада аударылмай, сол қалпында қолданылған. Жалпы аударма сөздіктерде бұл сөздің алдын алу, сақтандыру деген қазақша нұсқалары беріледі. Қарастырып отырған сөйлемімізде профилактика сөзі аударылмай, бәз қалпында қолданылу салдарынан сөйлем дұрыс аударылмай, орыс тіліндегі мағына

жеткілікті берілмей отыр. Ал, егер осы аталған кемшіліктерді түзетер болсақ, дұрыс аударма төмендегідей болмақ (өзгеріске ұшыраған сөздер мен жалғаулар қарамен белгіленген): «ПО-ның басқа да бөліністерімен және қызметтерімен бірлесіп бұйрық жобалары мен әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ ПО-да тіркелген азаматтық, қызметтік және марапаттық қару, сондай-ақ азаматтық пиротехникалық заттар, әрі оларды қолданып жасаған бұйымдар айналымын бақылауды жүзеге асыруға және ПО-да тіркелген қару қолданылып жасалған қылмыстардың, сондай-ақ олардың ұрлануының және жоғалуының алдын алуға бағытталған практикалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды әзірлейді».

Келесі бір орашалақ аударманы осы 6-тармақтың 5-тармақшасындағы мына сөйлемнен кездестіруге болады. Яғни «вызывают в ОВД физических лиц и представителей юридических лиц по находящимся в производстве материалам и делам, для получения от них объяснений и показаний, документов, их копий» сөйлемі қазақша былай аударылған «өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін түсіндірмелер мен көрсетпелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алу үшін ПО-ға шақырады. Мұнда орыс тіліне қарасақ, представитель сөзі заңды тұлғаға ғана қатысты айтылады. Аудармада мен шылауын орынсыз қолдануы салдарынан өкіл сөзі жеке тұлғаға да қатысты болып тұр не болмаса аудармашы мұндағы тілдік ерекшелікке мән бермеген. Сонда бұл сөйлемнің мағынасына мән берсек, жеке тұлғаның да, заңды тұлғаның да өкілін шақырып отыр. Ал, өкіл сөзі көптің ішінен не белгілі бір топтың ішінен бір адамның болуын білдіреді. Яғни жеке тұлғаға қатысты өкіл сөзін қолданудың өзі әбестік. Нәтижесінде дұрыс аударма төмендегідей болмақ: «өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсіндірмелер мен көрсетпелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алу үшін ПО-ға шақырады».

Қорыта келсек, жоғарыдағы сөз немесе сөйлемдерді аудару кезінде кеткен қателіктердің болу себептерін төмендегідей топтастыруға болады:

- термин сөздердің, немесе кәсіби салалық сөздердің бекітілген аудармаларына жете мән бермеу;
- күрделі сөйлемдердің аударылымында, сөзбе-сөз аударуға баса назар қойылғандықтан, сөйлемнің тұтас мағынасының солғындауы;
- аударма кезінде жалғаулардың да дұрыс жалғанбауынан мағынаның ауытқып берілуі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы «Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» № 313 бұйрығы және оның қосымшасы

РЕЗЮМЕ

В статье проведен анализ аутентичности текстов на русском и казахском языках Приказа Министра внутренних дел Республики Казахстан от 29 марта 2016 г. № 313 «Об утверждении Инструкции по организации деятельности подразделений органов внутренних дел по контролю в сфере оборота гражданского и служебного оружия» и приложений к нему. Автором выявлены недостатки и предложены рекомендации лингвистического характера по оптимизации текста настоящего Приказа.

RESUME

In the article the analysis of authenticness of texts is conducted on Russian and Kazakh languages of Order of Minister for internal affairs of Republic of Kazakhstan from March, 29, 2016 № 313 «About claim of Instruction on organization of activity of subdivisions of organs of internal affairs on control in the field of turn of civil and official weapon» and appendixes to him. An author is educe defects and recommendations of linguistic character offer on optimization of text of the real Order.